

**"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері"
туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына
толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 1046 қаулысы

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері
» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына
(Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 14, 168-құжат) мынадай
толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігі туралы ережеде:

16-тармақта Орталық аппараттың функциялары:

мынадай мазмұндағы 434-1), 434-2), 434-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«434-1) өз мүшелері үшін жұмыстарды (қызметтерді) орындау (көрсету) бойынша
ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қызметі түрлерінің тізбесін, сондай-ақ ауыл
шаруашылығы кооперативі өз мүшелеріне өткізетін тауарлардың тізбесін әзірлейді
және бекітеді;

434-2) ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл
шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын
субсидиялау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

434-3) ауыл шаруашылығы кооперативінің үлгілік жарғысын әзірлейді және
бекітеді; » .

2. Осы қаулы 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К.Мәсімов*